

«Гүлдер» балабақшасындағы
Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес отырысының

№1 ХАТТАМАСЫ

Ақтау қаласы

04.10.2025ж

Қатысты: директор, әдіскер, мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес мүшелері

Мақсаты: Кеңестің қызметін ұйымдастыру, нормативтік базамен танысу, алдағы кезеңге жұмысты жоспарлау.

Күн тәртібі

1. Кеңес мүшелеріне Білім Министрінің міндетін атқарушының 15.12.2022 жылғы № 500 бұйрығымен бекітілген "Педагог" кәсіби стандартын түсіндіру «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы».
2. Педагогикалық этика жөніндегі кеңес мүшелері арасында функционалдық міндеттерді бөлу. (Жұмыс бағыттарын бекіту бойынша ұсыныстарды талқылау және бекіту.)
3. Кеңестің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын әзірлеу және бекіту. (Бірлескен талқылау, жоспар қабылдау.)

Тыңдалды

1. Бірінші мәселе бойынша:

Кеңес төрайымы «Гүлдер» балабақшасының директоры М.Овезова кеңес мүшелерін Білім министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №500 бұйрығымен бекітілген «Педагог» кәсіби стандартымен және «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» құжаттармен таныстырды.

Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау және ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптастырудың маңыздылығы атап өтілді.

2. Екінші мәселе бойынша:

Кеңес мүшелері арасында функционалдық міндеттерді бөлу туралы ұсыныстар қарастырылды. Әр мүшенің жұмыс бағыты нақтыланып, бекітілді.

3. Үшінші мәселе бойынша:

2025–2026 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары ұсынылып, бірлесіп талқыланды. Ұсыныстар енгізіліп, бірауыздан бекітілді.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе
педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. «Педагог» кәсіби стандарты және педагогикалық әдеп мәселелері бойынша нормативтік құжаттар басшылыққа алынсын.
2. Кеңес мүшелері арасында функционалдық міндеттерді бөлу туралы ұсыныстар бекітілсін.
3. 2025–2026 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары бекітілсін.



Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің төрайымы М.Овезова
Хатшы М.Асанова

